

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№31
(953)

Бейсенбі, 4 тамыз 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады



ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Айыртау ауданы

1995 жыл

№57. 25.1.1995 ж. «Бірегей ақпарат күні». Облыс әкімінің шешімімен айдың әр үшінші сейсенбісі бірегей ақпарат күні болып бекітілді.

№56. 18.11.1995 ж. «Сырымбеттегі мұражайға 10 жыл». Біздің танымал жерлесіміздің Ш.Уәлихановтың 160 жылдығы қарсаңында аты берілген Сырымбет мұражайы да өзінің 10 жылдығын тойлайды.

№54. 4.11.1995 ж. «Асықпаған дұрыс». Ауданымызда ескі пастортты Қазақстан Республикасының азаматы үлгісіндегі жеке куәлікке айырбастау жүргізіліп жатыр.

№52. 21.10.1995 ж. ««Әлем» наны». Аудан орталығындағы шағын наубайхана үлкейді. Осы айда нан пісіруге «Әлем» сауда үйі кірісті.

№49. 7.10.1995 ж. «Жаңа дүкен». Володар шағын ауданында дүкендер саны тағы біреуге артты. Оны «Саумал» кіші жеке кәсіпкерлігі өз өнімдерін саудалау мақсатында ашты. Сатып алушыларға фарфор ыдыстардың түр-түрі ұсынылады: шай және кофе жинтықтары, самаурындар, вазалар, т.б.

«... Араб Әмірлігінде болса да». Біздің аудан облыста бірінші болып телефон жүйесін электронды автоматтық аймақтық телефон станциясына ауыстырды.

№29. 17.06.1995 ж. «Жаңа партия құрылады». Өткен сенбіде аудан орталығында актив отырысында Қазақстанның демократиялық жүйелілігін қалыптастыратын партия құру туралы сөз болды.

№21. 27.04.1995 ж. «Үгіт шеруі». Өткен жұмада ауданымызда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы мен республикалық референдумға арналған облыстық спорттық-үгіт шеруінің үшінші кезеңі болып өтті.

№14. 1.04.1995 ж. «Финалда екінші». Көкшетауда баскетболдан оқушылар спартакиадасының финалы болып өтті. Үш күнге созылған жарыс барысында жерлестеріміз алаң қожайындарына жол беріп, екінші орын алды.

№12. 18.03.1995 ж. «Ботайға ағылшындар қызығуда». Ауданымызға Би-Би-Си ағылшын телекомпаниясының қызметкерлері келді. Ең алғаш Никольско-е мектебінің оқушыларымен кездесіп, кейіннен осы мектептің директоры Е. Закирьяновтың араласуымен әлем тарихының мақтанышы болған ескі Ботай қонысының қазба жұмыстары журналистерді қызықтырды.

№4. 21.01.1995 ж. «Мешіт ашылды». Мұсылмандар үшін маңызды шара өткен сенбіде жүзеге асты. Аудан орталығында салтанатты түрде мешіт ашылды. Ол жаңғыртылған элеватор балабақшасының ғимаратында орналасты.

Аудандық «Айыртау таңы» газеті. 1995 жыл

2016-2017 оқу жылы

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН

2 тамыз күні аудан әкімі Ағзам Тастеміров аудан орталығындағы мектептерде болды. Білім ошақтарында болған аудан басшысы ең алдымен білім беру мекемелерінің жаңа оқу жылына дайындығы және мектеп жанының абаттандырылуы мәселесіне көңіл бөлді.

№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясында болған Ағзам Ахметжанұлы мектеп ауласының абаттандырылуына оң бағасын бере келе, білім ошағындағы пәндік кабинеттер мен мектепалды даярлық тобын бастауыш сыныптарын аралап көрді. Сонымен қатар мектеп жанындағы 20х40 метр көлеміндегі жаңа футбол алаңының құрылыс жұмыстарының қарқынына де танысты. Қазіргі кезде футбол алаңы қоршалып, қиыршық тастар төселген соң, жасанды жасыл төсенділірмен жабылмақшы.

№1 Саумалкөл орта мектебінің тыныс-тіршілігімен танысқан аудан басшысы ең алдымен мектеп жанындағы жабық хоккей корты құрылысының қарқынына назар аударды. Бұл жерде корт ішінің жарықтандырылуы, көрермендерге арналған орындықтардың орнатылуы ғана қалған. Сондай-ақ мектеп жанының көгалдандырылуы, абаттандырылуы да аудан әкімінің көңілінен шықты. Сапар барысында мектептің жаңа оқу жылына дайындығы да қаралды.

Саумалкөл қазақ орта мектебінің 100 пайыз жаңа оқу жылына дайындығы аудан басшысымен аталып өтті. Жазғы демалыс уақытында бұл білім ошағында да мектеп басшысының ұйытқы болуымен көп істер тындырылғаны байқалып-ақ тұр. Мектеп ауласында орналастырылған гүлзарлар, субұрқақ, мектеп жанындағы бау-бақша мен футбол алаңдарының тазалығы көзге көрініп-ақ тұр.

Аудан әкімі Ағзам Ахметжанұлы жоғарыда аталған білім ошақтарының жаңа оқу жылына дайындығы мен абаттандырылу мәселесіне жоғары баға берді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ

«Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» эгидасымен қоғамда Еңбек адамының мәртебесін арттыру, еңбек өнімділігін ынталандыру және жастарды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында Солтүстік Қазақстан облысында «Еңбек жолы» аймақтық конкурс өткізілу жоспарлануда.

Конкурстың мақсаты — үздік еңбек әулеттері мен өндіріс қызметкерлерін айқындау. Конкурста өндірістің барлық қызметкерлері қатыса алады. Конкурс үш номинация бойынша өткізіледі:

- 1) «Үздік еңбек әулеті»,
- 2) «Кәсіпорынның үздік жас қызметкері»,
- 3) «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері».

Конкурста қатысу үшін құжаттарды еркін түрде (мемлекеттік немесе орыс тілінде) номинациялар бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ішкі саясат бөліміне ұсынуларыңызды өтінеміз.

Байланыс телефондары: 21-921, 79-021.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Медиацияны дамыту бойынша жүргізіліп отырған жұмыстардың аясында Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы қабылданған күні қарсаңында Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық соты келесіні хабарлайды: үстіміздегі жылдың 5 тамызында аудандық сотының ғимаратында кәсіби емес медиаторлардың қатысуымен «Ашық есік күні» өткізіледі. Аталған мерекеге орай келушілерге кеңестер беріледі.

Соттың мекенжайы: СҚО, Айыртау аудандық соты, Саумалкөл селосы, Достық көшесі, 45 үй, Тел 8 (71533) 21-9-42.

Айыртау аудандық соты.

Ерлік сабағы

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН – БІР ЖАНУЯ...

Үстіміздегі жылдың 1 тамызы күні «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалы ғимаратының конференцзалында 5510 әскери бөлімінің 3 атқыштар ротасының жеке құрамы Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, генерал-майор Мұхаметқали Құсайынұлы Сатовтың қатысуымен «Ұлттық ұлан – бір жануя, біз өз қаламызды, жерімізді, елімізді қорғаймыз» атты ерлік сабағы өтті.



майор Мұхаметқали Сатов сонау XV ғасырда қазақ хандығының құрылғанынан бастап кең байтақ жеріміз үшін найзаның ұшымен білектік күшімен ұрысқан хандарымыз бен батырларымыздың ерліктерің, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ батырларының, қазақстандық жауынгерлердің асқан ерліктерін баяндай келе, мыңдаған жылдар бойын ата-бабаларымыздың армандаған Тәуелсіздікке қол жеткізген 25 жылдың ішіндегі Елбасымызбен жеткен жетістіктерді жас сарбаздар алдында баяндап өтті.

Сонадай-ақ, ҚР ҰҰ БҚ ТжӘҚЖ жөніндегі орынбасарының



патриоттық рухтағы сезімін аудан әкімінің орынбасары Аманбек Махметов, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, подполковник Әбілғазы Ғабдуллин, ЕС-164/8 мекемесінің бастығы, подполковник Жангелді Хасенов, аудандағы әйелдер қауымдастығының төрайымы, сержант Гүлзира Қожахметова және 5510 әскери бөлімінің қатардағы жауынгерлері Дастан Төлеуов пен Бағдат Әбуовтар да қолдады.

Отансүйгіштік рух — қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер қатарына қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкіндік беретін бірден-бір құш. Отансүйгіштік сезім өрге бастайтынын өз ұлтымыздың тарлан тарихы талай дәлелдеді. Енді жерде сол алдыңғы толқыннан үйренетін тәлімін алатын қанатты ісін жалғастыратын дәстүр біздің өңімізге тиіп отыр. Сол жақсы үрдісті жалғастыру біздер үшін перзенттік қарыз да парыз болып саналады. Осы арқылы кейінгіге біз де із қалдыруға тиістіміз.

Отбасы — ошақ қасы

Қоғамның іргетасы отбасынан басталады. Сондықтан отбасы мықты болса, одан құралған қоғам да соншалықты мықты болады. Яғни, мықты қоғам, жақсы отбасыдан құралады. Осы орайда келісім шарт бойынша әскери қызметшілерінің отбасыларымен де кездесуі болып өтті.

2016 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша 5510 әскери бөлімінің 3 атқыштар ротасының бастығы, майор Р.Темірхановтың арнайы дипломдары мен бағалы сыйлықтарымен ең үздік әскери бақылау бастығы Виктор Боднар зайыбы Светлана Губерскаялар, ең үздік қарауыл бастығы мен ұлы Әлішер Жаманғариндер (төменгі суретте), ең үздік взвод сержанты Ерболат Ғаббасов зайыбы Ақмарал Тұрлыбекқызы, және ең үздік кинолог Берік Тұрғынбаев зайыбы Зинаида Ережелқызы марапатталды.

Қазақстандық ұланның жауапты да қиын қызметтері жайындағы баяндаған Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, генерал-майор Мұхаметқали Сатов отбасы мүшелерінің бақытқа қол жетізуі, бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен бауырмашылдығына байланысты екендігін тілге тиек ете келе, әскерилердің Отан алдындағы борыштарының абыроймен атқарылуына жанұя ошағының негізгі тірегі әйел затына байланысты екендігін жеткізді.

Кездесу соңында қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттері жоғарғы көрсеткіштері және жеке құрамды тәрбиелеуге белсене қатысқаны үшін Республикасы Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарының Алғыс хаттарымен А.Махмұлов, А.Ладыгин, О.Сақаев және Н.Сейтеновтар марапатталды.

Жиын соңында әскери қызметшілер, олардың отбасы мүшелері Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары Мұхаметқали Сатовпен бірге естелік суретке түсті.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Суреттерді түсірген Наталия ЕРЕМЕНКО.

Оқу-жаттығу

ОҚУ-ЖАТТЫҒУДА АУДАН ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ҚЫРАҒЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Шілде айының 29-ы күні ауданның төтенше жағдайлар бөлімі мен өртке қарсы қызметі құрылымдарымен дала және орман өрттерін сөндіру жөнінде аудандық кешенді оқу-жаттығуы болып өтті.

Оқу-жаттығуға ауданның және аумақтық азаматтық қорғаныс қызметтері жұмылдырылды.

Саумалкөл ауылы маңындағы Володар ауылдық округіне қарасты орман алқабының бірінен құраған шөптің жануынан дала өрті пайда болады. Жақын маңдағы орманда қызметінде жүрген орманшы-егерь бірінші болып қою түтінді байқап, жасыл ескінге бет алғанын көзі шалады. Деревуация арқылы Айыртау орман шаруашылығы диспетчеріне болған жағдайды баяндайды. Осы уақытта аталмыш орман шаруашылығының өртке қарсы қызметі мен техникасы оқиға ор-



тамақтандырылады. Болған оқиғаның салдарынан орман ағашы құлап, ауыл маңындағы электр желісін және телефон жүйесін зақымдандырады. Ауданның электр желісі мен телеком қызметкерлері оқиға орнынан табылып, барлық ақауларды жөнге келтіреді.



«Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылған «Протон М» зымыранының бір бөлігі ауыл маңына құлап, жана бастайды. Дереву болған оқиғаны зерттеу мақсатында ауданның радиация-химиялық зерттеу қызметі келіп, аумақтың химиялық залалданғанын анықтап, қоршауға алады. Жанған «Протон» бөлігін ауданның №7 өртке қарсы қызметкерлері залалсыздандырған соң, инженерлік-техника қызметі құлаған «Протон» бөлігін жүк көлігіне тиіп, залалданған топырақты тиіп шығарады.

Ауданның ветеринария қызметіне ауыл маңындағы қара малдың сібір жарасымен ауырғаны жөнінде ақпарат түседі. Осы кезде ветеринария қызметі болған

нына шығады. «Көкшетау» МҰТП басшылығы өрттің шығуы жөнінде шұғыл ауданның өртке қарсы қызметі мен ауданның төтенше жағдайлар жөніндегі төрағасына хабарлайды.

Лаулаған жалынды орманға жібермеу үшін арпалысқан орманшы қолынан, аяғы мен денесінен жарақаттанып, күйік шалады. Осы уақытта оқиға орнына жеткен орман шаруашылығының өртке қарсы қызметі дала өртін ауыздықтауға кіріседі де жарақаттанған орманшыға алғашқы медициналық көмек көрсету мақсатында ауданның жедел жәрдемін шақыртады. Жедел жәрдем көлігі оқиға орнына тез арада жетіп, күйік шалған орманшыға



алғашқы медициналық көмек көрсеткен соң, оны арнайы далалық медициналық қосынға жеткізеді.

Орман өртінің салдарынан жақын маңдағы «Бейтерек» шағын ауданының тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғындар қауіпсіз жерге жөнелтіліп, оларға жатын орындар қарастырылып, тамақтану пунктінде

міндетін атқарушы Аманбек Махметовтар аталмыш іс-шараның маңыздылығы мен қажеттілігіне тоқталып, аудан құрылымдары күшімен өткен оқу-жаттығу кешенін қорытындылады.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суреттерді түсірген автор.

7 тамыз – Көлік қызметкерлерінің күні

ЖОЛДЫ ЖҮРГЕН ЖЕҢЕДІ


Тамыз айының алғашқы жексенбісінде Қазақстанда көлік саласының қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесін атап өтеді.

Күн сайын еліміздің әр қаласында көлік қызметкерлері халыққа түрлі қызмет көрсетеді, «Нұрлы жол» бағдарламасының маңызды жобаларын жүзеге асырады.



Транспорттық инфрақұрылымды дамытпай, осы заманғы телекоммуникация құралдарынсыз өнеркәсіп өсіміне қол жетпес түгіл адамдардың күнделікті қарапайым тіршілігін қамтамасыз етудің өзі мүмкін емес. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру бағытында бұл салада бірқатар ауқымды шаралар жүзеге асырылды. Өміршең осындай міндеттерді өскелең өмір талабына сай шешуде темір жол және автомобиль транспорты айрықша рөл атқарады. Ауданымызда өткен жылдан бері жолаушылар тасымалымен айналысып келе жатқан «Байғожин» жеке кәсіпкерлігін атап айтқан жөн.

«Байғожин» ЖҚ басшысы Төребек Мырзатайұлы Байғожин 2015 жылдың маусым айынан бері өзінің жекеменшік «Газель» автокөлігімен аудан орталығында «Бейтерек» шағын ауданы мен КАМСС аралығында №9 бағыттағы жолаушылар тасымалымен айналысуда.



І сыныпты тәжірибелі жүргізуші Төребек Байғожин (жоғарғы суретте) өзінің алғашқы еңбек жолын Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгеннен соң, 1982 жылы бұрынғы Арықбалық ауданына қарасты «Новосветловка» кеңшарының жүргізушісі болып бастайды. Жылдар өте келе молынан тәжірибе жинақтаған жас жүргізуші 1986 жылдардан бастап Чистопол жолаушылар тасымалдайтын кәсіпорынында автобус жүргізушісі болып істейді. Жылдар өте келе 2000 жылдары «Саумалкөл автотранс» ЖШС-не автобус жүргізушісі болып ауысады. Осы жылдар аралығында Төребек Мырзатайұлы ауданның және еліміздің басқа қалаларына жолаушылар тасымалдайды. Күннің аптап ыстығы мен қақаған боранды және аязды қыстарында талай шақырым жолдарды артта қалдырды. Осындай қиын да әрі жауапты кезеңдерде шыңдалған тәжірибелі жүргізуші 2003 жылдары Новосветловка-Саумалкөл бағытында өзінің жеке автобус бағытын ашып, халыққа қызмет көрсетумен айналысады. 2009 жылдардан ауданның білім бөлімінде «Газель» шағын автокөлігімен оқушылар мен ұстаздар қауымын да түрлі іс-шараларға тасымалдауда өзінің тәжірибелі шеберлігін танытады.

Міне, осындай жүргізушілік өмір мектебінен өткен кейіпкеріміз қазіргі уақытта Саумалкөлде №9 бағытта аудан тұрғындарына қызмет көрсетуде.

Ауданымыз бойынша келесі бір салалы әрі маңызды байланыстың бірі – ол темір жол байланысы. Кәсіби мереке қарсаңында Володар станциясының бастығы Алмас Зайытұлы Кенжекееке де жолағып, ауданымыздағы темір жол торабының тыныс-тіршілігімен ой бөлісуді сұраған едік.

Алмас Зайытұлының айтуы бойынша Володар темір жол станциясында энергетиктер, байланыс, трансстелеком, локомотив ДЭПО-сы, вагон қызметі, темір жол бригадасы сынды қызметтер жұмыс істейді. Бұл қызметтермен қатар темір жол вокзалында билет кассасы, жүк кассасы қызметтерімен қоса ең маңызды, жауапты мамандар - локомотив машинистері қажырлы қызмет атқаруда. Темір жол станциясы басшысының айтуынша үстіміздегі жылдың алты айында Володар темір жол станциясының жартыжылдық көрсеткіштерінің өте жоғары екендігі байқалады. Осы уақыт аралығында 828 вагон тиеліп жөнелтілген. Ал түсірілген 480 вагонның 250-і көмір, 190-ы жанар-жағар май, 29-ы құрылыс заттары, 7-уі минералды тынайтықыштар және 4 вагон өртүрлі заттар.

Темір жол саласында көп жылдар бойы қажырлы еңбек етіп келе жатқан жүк кассасының бас кассирі Елена Милютинаны, ЭЧК-31 бригадасының бастығы Орал Құттыбаевты, темір жол мантері Әмірбек Жазбаевты, машинистер Тұрсын Қожахимов пен Петр Галимбовскийлерді, вагон шебері Перт Еременконы, бас электромеханик Сәбит Қосжановты және жас маман жүк багажын таратушы, теміржолшылар арасында өткен әзіл-сықақ клубының қатысушысы Ержан Жаналиевтарды атап өткен жөн. Сонымен қатар жыл сайын Көлік қызметкерлері күні қарсаңында өткізілетін спорттық футбол жарысына да біздің Володар станциясының қызметкерлері де қатысып, жүлделі орындармен оралады.

Станция басшысының айтуынша теміржолшылар ұдайы темір жол саласының ардагерлерін де назардан тыс қалдырған емес. Жылсайының қарттар күні, кәсіби мерекелерде оларды құрметтеп қошемет көрсету – біздің басты парызымыз дейді Алмас Зайытұлы.

Көлік тізгіндеген бұл азаматтардың жұмысы маңызды, қиын әрі өте жауапты. Өңірде жүргізуші, механик, диспетчер, машинист және пилот сынды мыңдаған адам күн сайын тұрғындарға қызмет көрсетеді.

Біз де кәсіби мереке қарсаңында ауданның барлық көлік қызметкерлері саласындағы қажырлы еңбек етіп жүрген және осы саланың ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың еңбектеріне жеміс, отбасының бақытын тілейміз!

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.

«Нұр Отан» партиясының «Үздік бастауыш партиялық ұйымы» Республикалық байқауын өткізу туралы Ереже



1.Жалпы ереже

1.Осы ереже «Нұр Отан» партиясының «Үздік бастауыш партиялық ұйым» Республикалық байқауының өткізілу ретін көрсетеді.
2.Байқауға бастауыш партиялық ұйымдар(ері қарай – БПҰ) қатыса алады. Байқауды әзірлік және өткізілуі бойынша үйлестірушілік жұмыстар сәйкесінше аумақтық, аймақтық және орталық байқау комиссиясымен жүзеге асырылады.

2.Байқаудың мақсаты мен міндеті

3.Байқау БПҰ қызметін жаңғырту және олардың жұмыстарын белсендіру мақсатында өткізіледі.

4.Байқаудың басты міндеті болып табылады:

- 1) Үздік БПҰ анықтау және олардың жұмыс тәжірибесін еліміздің барлық өңіріне тарату;
- 2) Барынша белсенді БПҰ төрағаларының қатарынан алдағы партиялық және сайлау қызметтерін дамыту үшін партиялық кадр резервінде тұратын мамандарды қалыптастыру;
- 3) Қоғамда партия жұмысына деген үлкен қызығушылық туғызу.

3.Байқау комиссиясы

5.Жеңімпаздарды анықтау мақсатында байқау комиссиялары құрылады.

6.Байқау комиссиясы құқылы:

- 1)Әр кезеңде бағалап, жеңімпаздарды анықтап отыруға;
- 2) Партия филиалынан қажетті ақпаратты сұрауға;
- 3) Байқау қатысушылар тарапынан немесе төменгі деңгейдегі комиссияның мүшелерімен берілген жалған ақпараттардың болғандығына көз жеткізген жағдайда нәтижелерін нөлге түсіріп тастауға;
- 7.Байқау комиссиясы міндетті:
- 1) Барлық БПҰ қатысуы үшін бөріне ортақ шарттар қоюға;
- 2) Байқау қорытындысы туралы ресми хабарламаның шығуынан бұрын байқау нәтижесін жарияламауға;
- 3) Қарау кезінде алынған ақпараттардың құпиялылығын сақтауға.

4.Байқаудың өткізілу тәртібі мен шарттары

8.Байқау ашық түрде өткізіледі.

9.Үздік БПҰ анықтау 3 кезеңде өткізіледі:

- I кезең – партияның аумақтық филиалы деңгейінде;
 - II кезең – партияның аймақтық филиалы деңгейінде;
 - III кезең – партияның Орталық аппараты деңгейінде.
- БПҰ байқауға 3 санат бойынша қатысады:
- 1 санат – мүшелерінің саны 100-ге дейінгі БПҰ.
 - 2 санат – мүшелерінің саны 100-ден 500-ге дейін БПҰ.
 - 3 санат – мүшелерінің саны 500 және одан көп БПҰ.

Байқауға қатысу үшін БПҰ төрағасы аумақтық байқау комиссиясына №1 қосымшаға сәйкес өтінімхат жолдайды.

10.Партияның аумақтық филиалы деңгейінде 2 немесе 3 санатты 1 ғана БПҰ болған жағдайда, аталған БПҰ I кезеңді өткізіп жіберіп, II кезеңге қатыстырылады.

Партияның аумақтық деңгейінде аталған санаттарға сәйкес БПҰ болмаса, ол I кезеңде байқаудан шығарылады.

11.Байқаудың ұйымдастырылу және өткізу мерзімі ағымдағы жылдың 16 желтоқсанына дейін.

-I кезең байқаудың ресми хабарлауынан кейін (1 тамыздан кеш емес), ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін өткізіледі;

- II кезең ағымдағы жылдың 1 қазаны мен 1 қараша аралығында өткізіледі;
- III кезеңнің іріктеуі ағымдағы жылы қарашаның 1 мен 30-ы аралығында өткізіледі.

-Жеңімпаздарды марапаттау ағымдағы жылдың желтоқсанында.

12.Барлық кезеңнің қорытындысында жоғарыда аталған 3 санат бойынша жеңімпаздар іріктелініп алынады. Әр санатта 3 жүлдегі орын болады. Қорытындылау кезеңінде 9 жүлдегі орын болады.

13.I кезеңнің бірінші орын алған жеңімпаздары (әрбір аумақтық партия филиалы бойынша 3 БПҰ) байқаудың II кезеңіне өткізіледі.

II кезеңнің ұқсас жеңімпаздары (әрбір аймақтық партия филиалы бойынша 3 БПҰ) жүлдегерлерді анықтап, марапаттау үшін Астана қаласына шақырылатын – III аяқтау кезеңіне қатысады.

14.I және II кезеңнің жүлдегер жеңімпаздары бекітілген үлгідегі дипломдармен марапатталады.

III кезең бойынша қатысып, жеңімпаз атанғандар дипломдармен және байқауды өткізу шығынының сметасына сәйкес ақшалай сыйлықпен марапатталады. Марапаттау қаражатынан жеке табыс салығы шегеріліп қалынады.

Байқаудың аяқтау кезеңінің жеңімпаздары марапатталады:

- Бірінші орын – 700 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық.
 - Екінші орын – 500 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық.
 - Үшінші орын – 150 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық.
- Байқау комиссиясының шешімімен барлық 3 санат бойынша үшінші орын 2 қатысушыға берілуі мүмкін.

Жүлдегі орындары үшін берілген ақшалай сыйлықтың 70%-ы БПҰ-ның қызметін жүзеге асыруға арналады (партиялық іс-шаралар өткізу, арнайы бұрыш, БПҰ кабинетін ұйымдастыру, ұйымдастырушылық техникаларын сатып алу және т.б.). Ақшалай сыйлықтың қалған 30% мөлшері бірінші партиялық ұйымның басшылығына беріледі.

Егер БПҰ басшылығы мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыратын өкілетті немесе соған теңестірілген тұлға болса, ақшалай сыйлық қорының 100% БПҰ қызметін орындауға жұмсалады (партиялық іс-шаралар өткізу, арнайы бұрыш, БПҰ кабинетін ұйымдастыру, ұйымдастырушылық техникаларын сатып алу және т.б.).

БПҰ байқау нәтижесінде қол жеткізген ақшалай сыйлықтың негізгі бөлігі сәйкесінше партияның аймақтық филиалының меншігі болып табылады.

15.Жеңімпаздарды марапаттау Астана қаласында өткізіледі.

16.Байқау қорытындысы БАҚ және партияның ресми сайтында жарияланатын болады.

5.Байқаудағы іріктеу критерийлері

17.Бағалау төменде көрсетілген 7 критерий бойынша жүргізіледі:

- 1) Партиялық жобаларды жүзеге асыруға қатысу;
- 2) Партияшілік жұмыстар;
- 3) Партия жұмысында жаңаша қадамдарды пайдалану;
- 4) Азаматтардың басамашылығын қолдау;
- 5) БПҰ қызметін БАҚ-та жариялап отыру;
- 6) Жастармен жұмыс;
- 7) БПҰ басшысының бағасы.

БАСПАСӨЗ-ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазтелерадио» АҚ «ОТАУ TV» жерсеріктік телевизиясының толық арналар топтамасын көру үшін абоненттік төлемді 2016 ж. 1 қыркүйектен бастап көтеру туралы хабарлайды.

2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап «ОТАУ TV» жерсеріктік телевизиясының «Толық» арналар топтамасын көру үшін абоненттік төлем айына 2000-нан 2500 теңгеге дейін көтеріледі, — деп компанияның баспасөз қызметі хабарлайды.

Бұл шара шетелдік телеарналарды ретрансляциялау бойынша құқықтарды алуға шығындардың айтарлықтай өсуімен байланысты. Бір жарым жылдың ішінде ұлттық валюта – теңгенің бірнеше рет құлдырауын есепке ала отырып, компания абоненттік төлем сақтау үшін резервті қарастырды. Осы абоненттік төлемнің көбеюі қызметтің құрамында рейтингтік қымбат тұратын шетелдік арналарды сақтау мақсаттарында шығындарды өтеу үшін мәжбүрлі шара болып табылады. Компанияда түсіндіргендей: шетелдік және отандық арналарды ретрансляциялаумен байланысты шығындар тұрақты түрде өсуде, бұл ретте «ОТАУ TV» жерсеріктік телевизиясының қызметтері үшін қалыптасу күнінен бастап құны ешбір көтерілмеді. Ретрансляция үшін төлемді, соның ішінде атақты бағдарламаларға контент пен франшизаны шетелде алғандықтан тауу шетелдік елдердің құқық иелері де шетелдік валютада төлейді. Осыған байланысты, долларға деген теңге бағамының екі есеге өсуіне байланысты түсіп жатқан табыстар шетелдік телеарналарды таратуға құқықтарды сатып алу бойынша шығындарды өтемейді.

- «Қазтелерадио» АҚ ұсынып отырған қызметтердің сапасын арттыру, контентті кеңейту бойынша жұмыстарды тұрақты түрде өткізуде. Осылайша, «Толық» арналар топтамасының құрамына 115 телерадиоарналар кіреді, соның ішінде 60-тан астамы – бұл әйгілі шетелдік телеарналар. «ОТАУ TV» жерсеріктік телевизияны іске қосу кезінен бастап 5 жыл өтті, ақылы арналардың саны тұрақты түрде өсіп, соның өзінде абоненттік төлем бастапқы деңгейде қалып отырды, сондай-ақ біз оны бірнеше рет төмендеттік. Экономикалық жағдай өзінің шарттарына мәжбүрлеген кезде біз абоненттік төлемді арттырмадық. Біздің тұтынушыларымыз осы жағдайға түсінушілікпен қарайды деп үміттенеміз, — деп атап өтті «Қазтелерадио» АҚ Телерадиокомпаниялармен өзара әрекеттестік жөніндегі департаменттің директоры Гүлмира Балтабаева.

«ОТАУ TV» жерсеріктік телевизиясы Қазақстан Республикасының 100% аумағын қамтитынын және Қазақстан Республикасының алыстағы өңірлердің тұрғындары арасында ақпараттық теңсіздікті жою бойынша мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда бірінші кезең болып табылатынын еске саламыз. Абоненттердің саны 1 млн. үй шаруашылығынан асады.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ-і әкімшілік азаматтық лауазымының бос орнына ашық байқау жариялайды

1. **Қызыләскер орта мектебінің директоры (1 бірлік).**
2. **Сырымбет орта мектебінің директоры (1 бірлік).**
3. **Егіндіағаш орталау мектебінің директоры (1 бірлік).**
4. **Шүкірлік негізгі мектебінің директоры (1 бірлік).**

Әкімшілік азаматтық лауазымының санаты, лауазымдық жалақысымен қызмет істеген жылдарына байланысты 97997 - 118791 теңге.

Лауазымдық міндеттер. Жарғыға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес білім беру ұйымының жұмысына басшылық жасайды. Ұстаздар және әдістеме кеңестерімен бірлесіп білім берудің мемлекеттік жалпыміндетті стандарттарын жүзеге асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын бекітеді. Жалпы білім беру заңына сәйкес бекітілген учаске бойынша балаларды жалпы міндетті оқытуды қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие үдерісінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Заманауи ақпараттық технологияның дамуын қамтамасыз етеді. Мұғалімдердің (ұстаздардың) ұйымдарының, әдістемелік бірлестіктердің, балалар ұйымдарының жұмысына жәрдемдеседі. Білім беру жұмысын жүргізудің құқығына лицензиясына сәйкес оқушылардың, тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Ата-аналардың қорғауынсыз қалған жетім балалардың қатарынан тәрбиеленушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін (жеке, мүлктік, тұрғын үй, еңбек және басқалары) қорғайды, туыстық қарым-қатынастарын ұстау үшін жағдайлар жасау бойынша шараларды қабылдайды. Тәрбиеленушілер мен оқушылардың белгіленген нормалардан төмен емес күтіп ұстауы мен тұруы үшін жағдайды қамтамасыз етеді. Оқу-білім беру үдерісі уақытында оқушылар (тәрбиеленушілер) мен білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмірінің және денсаулықтарының қауіпсіздігіне қажетті жағдайлар жасайды. Денсаулықтарын қорғау және нығайту мақсатында оқушылардың тамақтануы мен медициналық қызмет көрсетуін қамтамасыз ету бойынша жұмысты және бақылауды ұйымдастырады. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлгі мен құралдарына иелік етеді, жыл сайын құрылтайшыларға қаржылық және материалдық қаражаттардың түсуі мен жұмсалуды жайлы есеп береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес оқу-материалдық базасының есебін, сақтауын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің, санитарлық-гигиеналық түзімнің еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуына жауап береді.

Ұстаз кадрлары мен көмекші қызметкерлердің іріктеуін және орнына қоюын жүзеге асырады, басқару құрылымын, штаттық кестені және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, олардың кәсіби шеберліктерінің артуы үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңеске басшылық етеді. Белгіленген тәртіпте қызметкерлердің аттестациялануын өткізеді. Жұмыста ерекше көзге түскен мұғалімдер мен білім беру ұйымының басқа да қызметкерлерін марапаттаулар мен наградаларға ұсынады, өз құзырының шегінде жазалаулар тағайындайды.

Қоғаммен байланысты жүзеге асырады, ата-аналармен (оларды ауыстырушы тұлғалармен) жұмысты үйлестіреді.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ-і әкімшілік азаматтық лауазымының бос орнына ашық байқау жариялайды

«Балапан ясли-бақшасы» КММ меңгерушісі (Константинаовска с.)

Әкімшілік азаматтық лауазымының санаты, лауазымдық жалақысымен қызмет істеген жылдарына байланысты 97997 - 118791 теңге.

Лауазымдық міндеттері. Нормативтік ережелерге сәйкес мектепке дейінгі білім беру (ары қарай - МДББ) және оқытуды ұйымдастыру қызметін қадағалауды жүзеге асырады. Оқыту мен тәрбиелеу процесінде оқушылар мен қызметкерлер ұйымдарының өмірі мен денсаулығы үшін қажетті қауіпсіздік жағдайларын жасау, мектепке дейінгі білім беру және оқыту мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын ендіруді қамтамасыз етеді. Педагогикалық кеңеспен бірге оқу бағдарламаларын, негізгі, қосымша мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын, ішкі ережелерді белгіленген тәртіппен әзірлеу және бекітуді ұйымдастырады.

Ұйымның басқару құрылымын анықтайды, қаржы, шаруашылық, ғылыми, әдістемелік және басқа да мәселелерді шешуді ұйымдастырады. Тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Мұғалімдердің қоғамдық ұйымдары мен әдістемелік бірлестіктер қызметіне ықпал етеді. Ол тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғауды және нығайтуды, балаларға медициналық қызмет көрсетуді және тамақтандыруды ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді. Заңда белгіленген тәртіппен МДББ мүліктері мен құралдарына иелік етеді және кірістер мен шығыстардың жылдық есебін табыс етеді. Нормативтік талаптарға сәйкес оқу-материалдық базасының есебін, сақтауын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің, санитарлық-гигиеналық түзімнің еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуына жауап береді.

Ол қоғаммен, ұйымдармен, ата-аналармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асырады. Педагогикалық кадрлар мен көмекші қызметкерлердің орнына қоюы мен іріктеуін жүзеге асырады, лауазымдық қызметкерлер нұсқауларын әзірлейді. Кадрлардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Белгіленген тәртіппен қызметкерлердің аттестатталуын өткізеді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпарат және байланыс құзыретіне меңгерген. Ол педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады. МДББ мемлекеттік, қоғамдық және басқада ұйымдардағы тасынтырады.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексінің, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасының тілдері туралы», «Қазақстан

Білім беру ұйымын мемлекеттік және басқа да ұйымдарда ұсынады, қажетті есеп берулердің дайындалуын және ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасында Тілдер туралы», «Қазақстан Республикасында баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы», «Неке және жанұя туралы», «Мүгедектігі, асыраушысынан айырылу және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулер туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдаулар туралы», «Көмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және балалардың қараусыз қалуын ескерту туралы» заңдарын және білім беруді дамытудың бағыты мен келешектерін анықтайтын басқа да нормативтік актілерді; педагогика мен психология негіздерін; білім берудің мемлекеттік жалпыміндетті стандарттарын; педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; менеджмент, қаржылық-шаруашылық әрекет негіздерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілік талаптары: жоғарғы педагогикалық білім және білім беру ұйымдарында педагогикалық жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс.

Комиссиямен белгіленген мерзімде Байқауға қатысушымен әңгімелесу және конкурстық комиссияның қорытынды отырысы аталмыш байқау бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде өтеді. Байқауға қатысуы үшін басшы лауазымына үміткер ұсынуы қажет:

- 1) конкурстық комиссия төрағасы атына, тіркелген жерін, нақты тұрған жерін, байланыс телефондарын көрсете отырып, өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 5) суретімен кадрлар есебі жөніндегі жеке парағы;
- 6) бар жазалаулары мен марапаттауларын көрсете отырып бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;
- 7) бар біліктілік санаты немесе ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі;
- 8) медициналық куәландырудан өткені туралы құжат;
- 9) сотталғаны жоқтығы туралы анықтама.

Байқауға қатысуы үшін ұсынылған құжаттардың көшірмелері нотариалды немесе жұмыс орнының кадр қызметімен куәландырылады.

Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы байқауға қатысушының құжаттарын қайтарып беруге негіз болып табылады.

Байқауға қатысушы оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне (біліктілігін арттыру туралы, ғылыми дәреже мен атақтарының тағайындалуы, ғылыми жарияланымдары туралы құжаттардың, бұрынғы жұмыс орнынан басшылықтың ұсынымдарының көшірмелері және тағы басқалары) қатысты қосымша ақпараттарды ұсына алады.

Байқауға қатысуы үшін қажетті құжаттар Айыртау ауданының бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде конкурстық комиссияның төрағасы С.К.Жақыповқа мына мекен-жай бойынша ұсыну қажет: 150000, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл селосы ықшам аудан 20-шы үй, СҚО Айыртау ауданының білім бөлімі, телефондар: 8 (715-33) 27-481.

Республикасының бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және білім берудің даму келешегі мен бағыттарын, педагогика және психология негіздерін, педагогика және психология, мемлекеттік міндетті стандарттар, ғылым оқыту мен практиканың жетістіктері, экономика, қаржы және экономикалық қызмет, еңбек заңнамасы, ережелер және еңбекті қорғау нормативтік актілер қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғау, санитарлық ережелер мен нормалар негіздерін, дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету, санитарлық ережелер мен нормалардың негіздерін анықтайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер.

Біліктілік талаптар: жоғарғы педагогикалық білім және мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық жұмыс өтілі: қалалаық жерлер үшін – 5 жылдан кем емес, селолық жер үшін – 3 жылдан кем емес. Байқауға қатысушымен әңгімелесу және конкурстық комиссияның қорытынды отырысы аталмыш байқау бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде өтеді.

Байқауға қатысуға тілек білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:

- өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- суретімен кадрлар есебі жөніндегі жеке парағы;
- біліктілік талаптарына қойылатын талаптарға сәйкес келетін білім беру туралы құжаттардың көшірмелері;
- еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- бар жазалаулары мен марапаттауларын көрсете отырып бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;
- бар біліктілік санаты немесе ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі;

2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрілігінің м.а. №907 Бұйрығымен бекітілген (№ 6697 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) № 086/У формасындағы медециналық анықтама;

тұлға қылмыстық құқық бұзушылық жасаған мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Құқықтық статистика комитетінің және арнайы есебі бойынша деректер бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама.

Байқауға қатысуы үшін қажетті құжаттар Айыртау ауданының бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде конкурстық комиссияның төрағасы С.К.Жақыповқа мына мекен-жай бойынша ұсыну қажет: 150000, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл селосы ықшам аудан 20-шы үй, СҚО Айыртау ауданының білім бөлімі, телефондар: 8 (715-33) 27-481.

Айыртау аудандық мәслихатының кезекті IV сессиясының 2016 жылғы 12 шілдедегі № 6-4-2 шешімі

«2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы» Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармақ 1) тармақшасына сәйкес, Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 «2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3545 тіркелген 2016 жылғы 21 қаңтарда «Айыртау таңы» газетінде, 2016 жылғы 21 қаңтарда «Айыртауские зори» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен

толықтырулар енгізілсін:
1-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:
«1. 2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті тиісінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемде бекітілсін:
1) кірістер – 4 344 094,0 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша – 686 275,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша – 10 286,0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсімдер – 15 779,0 мың теңге;
трансферттер түсімдері бойынша – 3 631 754,0 мың теңге;

2) шығындар – 4 343 921,8 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредит беру – 15 036,0 мың теңге, оның ішінде: бюджеттік кредиттер – 38 178,0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 23 142,0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 27 000,0 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алуға – 27 000,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 41 863,8 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (артықшылығын пайдалану) –

41 863,8 мың теңге, оның ішінде:
қарыздардың түсуі – 38 178,0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 23 142,0 мың теңге;
бюджет қаражатын пайдаланылатын қалдықтары – 26 827,8 мың теңге.»;
көрсетілген шешімнің 1, 5 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын (қоса беріледі).
2. Осы шешім 2016 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енеді.

В. КАЗАРКИН,
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
IV кезекті сессиясының
төрағасы.
Б.ЖАНАХМЕТОВ,

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
хатшысы.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданының экономика
және қаржы бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің басшысы
М.Рамазанова.

2016 жылғы 12 шілде

Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылдың 27 шілдесінде № 3843 тіркелген Айыртау ауданының мәслихат аппаратының maslihat-airtau.sco.kz сайтында жарияланған

Айыртау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 шілдедегі № 6-4-2 шешіміне 1 қосымша Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 шешіміне 1 қосымша

2016 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Санаты	Атауы		Сомa, мың теңге
	Сыныбы	Ішкі сыныбы	
1	01	1) Кірістер	4 344 094,0
		Салықтық түсімдер	686 275,0
		Табыс салығы	36 899,0
		2 Жөке табыс салығы	36 899,0
		03 Әлеуметтік салық	275 341,0
		1 Әлеуметтік салық	275 341,0
		04 Мемлекет салыныатын салықтар	185 930,0
		1 Мүлікке салыныатын салықтар	108 252,0
		3 Жер салығы	10 488,0
		4 Көлік құралдарына салыныатын салық	59 700,0
		5 Ырынғай жер салығы	7 490,0
		05 Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салыныатын ішкі салықтар	182 405,0
		2 Ақциздер	3 530,0
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	160 840,0
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17 900,0
		08 Ойын бизнесіне салық	135,0
		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілетті бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін арылатын міндетті төлемдер	5 700,0
		1 Мемлекеттік баж	5 700,0
		Салықтық емес түсімдер	10 286,0
		01 Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	9 202,0

Функционалдық топ	Әкімші	Атауы	Сомa, мың теңге
10	01	Бағдарлама	
		Бюджеттік кредиттер	38 178,0
		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	38 178,0
		459 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38 178,0
		018 Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	38 178,0
		122 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	89 424,0
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	89 424,0
		123 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	197 873,0
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	197 453,0
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	420,0
		459 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	31 554,0
		001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28 654,0
		003 Салық салу мақсатында мүлкі бағалауды жүргізу	1 900,0
		010 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты тауларды реттеу	1 000,0
		458 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	10 473,0
		001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 473,0
		02 Қорғаныс	8 422,4
		122 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8 422,4
